

# Жастар картасы арқылы жастардың еркін жүріп-тұруы туралы ішінара келісім



Бейбітшілік  
қоғамның бірлігі  
ұлтаралық сұхбат  
қатысу  
адам құқықтары  
демократиялық азаматтық  
зерттеу жұмыстары

Жастар  
саясатын  
дамыту

partial agreement on  
**youth  
mobility**  
through the  
EUROPEAN YOUTH CARD

COUNCIL OF EUROPE



CONSEIL DE L'EUROPE



## **ІШІНАРА КЕЛІСІМ ДЕГЕН НЕ:**

Ішінара келісім дегеніміз – Еуропа Одағының шеңберіндегі ынтымақтастықтың бір түрі. Ол мүше мемлекеттердің басқа мүше мемлекеттер атқарып жатқан жұмыстарға қатысуына немесе қатыспауына мүмкіндік береді. Заңнамалық тұрғыдан алып қарағанда, Ұйымның барлық басқа бағдарламалары сияқты, Ішінара келісім де оның жұмысының бір саласы болып табылады. Айырмашылығы – Ішінара келісімнің өз бюджеті бар және Ішінара келісімге қатысушылар ғана айқындайтын өзіндік жұмыс әдістері бар.

## **ЖАСТАР КАРТАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ЕРКІН ЖҮРІП-ТҰРУЫ ТУРАЛЫ ІШІНАРА КЕЛІСІМ:**

Осы Ішінара келісім ашық болып табылады, яғни оған Еуропа Кеңесіне кірмейтін және Еуропалық мәдени конвенцияға қатыспайтын елдер де қосыла алады (төменнен қараңыз).

Ішінара келісім Еуропа Кеңесінің Жастар ісі жөніндегі басқармасының атқаруына жатады да, жастар секторының да, және жалпы алғанда Еуропа Кеңесінің де басымдықтары мен мақсаттарына сай келеді.

# МАҚСАТТАРЫ:

---

## 1. ДЖастар картасы бағдарламасын құру

1991 жылы жасалған Келісімнің Жарғысында былай делінген: «Ішінара келісім жастардың жүріп-тұру еркіндігі жолында және жеке басы мен мәдениетін дамытуы үшін қажетті түрлі тауарлар мен қызметтерге қол жеткізуіне жәрдемдесу мақсатында әсіресе еуропалық деңгейде жастар картасы [...] бағдарламасын құруды көздейді. Жастар картасын 30 жасқа толмаған кез келген адам иелене алады, бұл үшін оның студент болуы немесе Еуропадағы елдің тұрғыны болуы міндетті емес.

Жастар картасы өз елінде тұратын және басқа елде саяхаттап жүрген жастарға жүріп-тұру, орналасу, мәдениет орындарына бару, тіл үйрену курстарында оқу, тауарлар мен қызметтерді интернет арқылы (санаты, қала, немесе ел бойынша) және дүкеннен сатып алу кезінде кеңес алуға, шегерім мен жеңілдікті пайдалануға мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді оң әсерді қамтамасыз ету үшін қызмет көрсету сапасын жақсарту мен бағалауға үлкен назар аударылады.

## 2. Жастар саясатын келісімге қатысушы елдермен бірге солардың мүдделерінде жетілдіру

Келісімнің екінші мақсаты – жастар картасы бойынша жастардың жүріп-тұру мүмкіндігін ұйымдастырудағы қатысушы елдердің мүдделері мен мұқтаждықтарын қанағаттандыру. Жұмыс бағдарламасы осы мәселелер бойынша білімді жинақтап, пайдалануға, озық тәжірибені бөлісуге және сол арқылы оңтайлы шешімдерді (семинарлар, тренингілер, симпозиумдар және т.б.) ұсынуға болатын етіп құрылған. Осы іс-шаралардан кейін қатысушы елдер мен ЕУСА Еуропалық жастар картасы қауымдастығына кіретін ұйымдар үшін озық іс-тәжірибе бойынша материалдар жарияланып, ұсыныстамалар беріледі.

Ішінара келісімге кірмейтін елдер бағдарламаға өз есебінен қатыса алады. Келісімге қатысушы елдердің өкілдерінің жұмсаған қаражаты толық өтеледі.

Осы мақсатқа жету үшін мүдделі тұлғалардың кең ауқымы тартылады: үкіметтер, еуропалық мекемелер, бизнес қоғамдастықтар, сарапшы мамандар, ғалымдар, жастардың үкіметтік емес ұйымдары, жастар картасы жөніндегі ұлттық ұйымдар, сондай-ақ жастар картасын ұстаушылардың өздері. Осылайша, қатысушы елдер Ішінара келісімді жүзеге асыруға белсенді түрде үлес қосады әрі оның пайдасын да көреді.

## **БҰЛ ҚАЛАЙ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ:**

---

Бағдарлама бойынша іс-шараларды 17 адамнан құралатын Үйлестіруші кеңес қадағалайды:

- ▶ Ішінара келісімге қатысушы елдердің 8 өкілі, оларды Еуропа кеңесінің Министерлер комитеті тағайындайды;
- ▶ Еуропалық жастар картасы қауымдастығының 8 мүшесі, оларды да Министерлер комитеті тағайындайды;
- ▶ Жастар ісі жөніндегі Ақылдастық кеңес дауыс беру құқығынсыз тағайындайтын 1 өкіл.

Ішінара келісімнің жұмыс бағдарламасы ЕҮСА Еуропалық жастар картасы қауымдастығымен бірлесе отырып жүзеге асырылады. Бұл 1987 жылы құрылған бейкоммерциялық қауымдастық. Оған 5 миллионнан астам картаны пайдаланатын, жастар картасы жөніндегі 40-тан астам еуропалық ұйым кіреді. ЕҮСА қауымдастығының барлық мүшелері жастардың арасында еркін жүріп-тұру, салауатты өмір салтын ұстану және белсенді азамат болу қағидаларын жеке өздері де, сондай-ақ ұжымдасып та ілгерілетуге ұмтылады.

## **ІШІНАРА КЕЛІСІМГЕ ҚОСЫЛУ ПРОЦЕДУРАСЫ:**

### **Еуропа Кеңесіне мүше елдер мен Еуропалық мәдени конвенцияға қатысушы елдер үшін:**

Бұл мүше елдер Бас хатшының атына тиісті мәлімдеме жасау арқылы Ішінара келісімге кез келген уақытта қосыла алады. Бұл үшін сол елдің сыртқы істер министрі немесе Еуропа Кеңесі жанындағы тұрақты өкілі Еуропа кеңесінің Бас хатшысының атына ресми хат жолдайды немесе ауызша мәлімдеме жасайды.

## **Еуропа Кеңесіне кірмейтін және Еуропалық мәдени конвенцияға қатыспайтын елдер үшін:**

Еуропалық жастар картасы қауымдастығының және Ішінара келісімнің үйлестіру кеңесінің ұсынуы бойынша Министрлер комитеті Еуропа Кеңесіне мүше елдермен кеңескеннен кейін оған мүше емес кез келген елді Ішінара келісімге қосылуға шақыра алады.

## **Еуропа Кеңесі**

Еуропа Кеңесі – бүкіл Еуропада халықаралық ынтымақтастықты, бейбітшілікті, демократия мен адам құқықтарын қолдау мен насихаттау үшін 1949 жылы құрылған жалпы еуропалық саяси ұйым. Ол экономикалық және әскери салаларды қоспағанда, адам өмірінің барлық салаларындағы жалпы қиындықтарға қатысты ортақ іс-шараларды өзірлейді. Еуропа кеңесіне 47 ел және Еуропалық мәдени конвенцияға қатысатын 50 ел кіреді және ол 820 миллион еуропалықты қамтиды.

## **Еуропа Кеңесінің Жастар секторы**

Еуропа Кеңесі үкіметаралық ынтымақтастық арқылы, сондай-ақ жастардың үкіметтік емес ұйымдары мен жастардың көшбасыларына арналған оқып-үйрету мен білім беру шараларының көмегімен Еуропада атқарылатын түрлі іс-шаралар арқылы жас адамдардың қоғамда белсенді рөл атқаруын қолдайды. Страсбург пен Будапештегі Еуропалық жастар орталықтары, Еуропалық жастар қоры және Жастар картасы арқылы жастардың еркін жүріп-тұруы туралы ішінара келісім осы іс-шараларды жүзеге асырудың маңызды құралдары болып табылады.

## Еуропа кеңесінің бас хатшылығының байланыс деректері

Демократиялық істерге қатысу жөніндегі директорат  
Жастар істері жөніндегі басқарманың (Агора  
ғимараты) Жастар саясаты бөлімшесі  
Жастар картасы арқылы жастардың еркін  
жүріп-тұруы туралы ішінара келісім

F-67075 Strasbourg Cedex

Тел.: +33 (0)3 88 41 29 98

[youthmobility@coe.int](mailto:youthmobility@coe.int)

<https://www.coe.int/en/web/youth/youth-mobility>

Premis 073721

KAZ

[www.coe.int](http://www.coe.int)

Еуропалық Кеңес – континенттің жетекші құқық қорғау ұйымы. Оның құрамына 47 мүше мемлекет, соның ішінде Еуропа Одағының барлық мүшелері кіреді. Еуропалық Кеңеске мүше барлық мемлекеттер Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияға – адам құқықтарын, демократияны және заңның үстемдігін қорғауға арналған шартқа қол қойды. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот Конвенцияның мүше мемлекеттерде жүзеге асырылуын қадағалайды.

partial agreement on  
**youth  
mobility**  
through the  
EUROPEAN YOUTH CARD

COUNCIL OF EUROPE



CONSEIL DE L'EUROPE